КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2026 жылғы 22 сәуір іс №7119-26-00-2/3536 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Э.Е.Ебенбаева оңайлатылған (жазбаша) тәртібінде электронды азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Астана-Теплотранзит» акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
«KORKEM GROUP» дара кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 117, 109, 223-226, 267-4-баптарын басшылыққа алып,

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Астана-Теплотранзит» акционерлік қоғамының жауапкер «KORKEM GROUP» дара кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

«KORKEM GROUP» дара кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«KORKEM GROUP» дара кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 2 163 (екі мың бір жүз алпыс үш) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Э. Ебенбаева**

Документ подписан: Ебенбаева Э. Е., 22.04.2026

Дата вступления в законную силу: 01.06.2026, судья Ебенбаева Э. Е., 09.06.2026

«Төрелік» ақпараттық жүйесі - Сот өндірісі - Судопроизводство - Информационная система «Төрелік»

7119-26-3-1/3279